



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 26 қазан

### **ҚР Ұлттық Банкінің өкілдері ҚР Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінде өткен қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша дөңгелек үстелдің жұмысына қатысты**

Бүгін ҚР Ұлттық Банкінің өкілдері ҚР Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінде өткен қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша дөңгелек үстелдің жұмысына қатысты.

ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов Ұлттық Банк функцияларының бірі қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау болып табылатындығын атап өтті. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың жоғары деңгейі тиімді және жан-жақты қаржы нарығының жұмыс істеуінің кепілі болып табылады. Жеткілікті білімінің болмауына орай тұтынушылар қаржылық ақпаратты әрең қабылдап, азаматтар өздерінің құқықтары мен міндеттерін жете түсінген жоқ», - деді Ұлттық Банк басшысының орынбасары.

Ол қаржылық қызметтер түрінің кеңеюіне және күрделенуіне қарай қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініш жасау тақырыбы да өзгеріп отырғандығын атап өтті: «Сондықтан қаржылық қызметтерді тұтынудың өсуіне қарай Ұлттық Банкке өтініш жасаудың да өскендігіне таңдануға болмайды. Ұлттық Банк 2016 жылы 13 мың өтініш қараған, 2017 жылғы 8 айда 6,5 мыңнан астам өтініш қаралды. Бұл ретте өтініштің негізгі үлесі (95%-дан астамы) банк секторына тиесілі. Өтініштерді негізге ала отырып, қаржы ұйымдарына шаралар қабылданады. Жүйелі сипаттағы өтініштердің себептерін талдау заңнамадағы кемшіліктерді анықтауға және негізгі қағидаттар мен қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында тұжырымдамалық тәсілдер әзірлеуге мүмкіндік береді».

А. Ахметов, сондай-ақ 2006 - 2015 жылдар аралығындағы кезеңде Ұлттық Банктің бастамасы бойынша қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған 40-тан астам нормалардың қабылданғанын айтты. 2016 жылы қарыз алушылардың борыштық жүктемесін төмендетуге, валютамен ипотекалық қарыз алушылардың борыштық жүктемесінің валюта бағамының ауытқуларына тәуелділігін болдырмау, банктерді проблемалық қарыздармен жұмыс бойынша уақтылы шаралар қабылдауға ынталандыруға бағытталған түзетулер блогы қолданысқа енгізілді.

«2017 жылы коллекторлар мен борышкерлердің өзара іс-қимыл жасауының айқын тәртібін құруға бағытталған «Коллекторлық қызмет туралы» Заң қабылданды. Қабылданған заңнамалық шаралардың болашақта ипотекалық кредиттеу нарығында туындайтын тәуекелдерді болдырмауға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн. Қазіргі ипотекалық қарыз алушыларға көмек көрсету үшін Ұлттық Банк 2015 жылы Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын әзірледі. Оны іске асыруға Ұлттық Банк 130 млрд. теңге бөлді», - деді Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары. Ол 2004 - 2009 жылдар аралығындағы кезеңде банктерден ипотекалық қарыз алған қарыз алушылардың жалғыз баспанасын сақтау Бағдарламаның басты мақсаты болып табылатынын атап өтті.

2017 жылғы 11 сәуірде Мемлекет басшысының валюталық ипотекалық қарыз алушыларға көмек көрсету мақсатында Ұлттық Банкке «Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландыру бағдарламасын» кеңейтудің орындылығы туралы ұсыныстар енгізуге тапсырма бергенін еске саламыз.

А.Ахметов сөз соңында халықтың қаржы жүйесі, қаржылық өнімдер мен қызметтер туралы хабардарлығын арттыру мақсатында 2016 жылдан бастап Ұлттық Банктің халықтың қаржылық сауаттылығын арттырудың 2016-2018 жылдарға арналған бағдарламасын белсенді түрде іске асырып жатқандығын айтып өтті.

Сенат депутаттарының алдында қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі таныстырылыммен Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының бастығы Александр Терентьев сөз сөйледі.

Іс-шараның соңында ҚР Ұлттық Банкінің өкілдері депутаттардың сұрақтарына жауап берді.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)